

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР
Президентінің Іс Басқармасы
Медициналық орталығының
ауруханасына барып, жаңа нысандары –
Ядролық медицина орталығы мен емдік-
диагностикалық блокпен танысты, – деп
хабарлайды akorda.kz.

ЯДРОЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ



Президентке алдымен қыркүйек айында ашылатын Ядролық медицина орталығының диагностика блогы таныстырылды. Ядролық медицина орталығы іске қосылған кезде диагнозын қою қиын катерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа орталықтың қызметі емделуге жолдама берілген әрбір қазақстандыққа ортақ.

Бұл орталықтың ерекшелігі – қазіргі кезде әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер томографиясы. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қою сапасын арттырады. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін арттырады. Мамандардың айтуынша, қазіргі уақытта бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

Қасым-Жомарт Тоқаевка циклотронды-өндірістік кешен мен диагностикалық блоктан тұратын бірегей Ядролық медицина орталығының басқа да мүмкіндіктері туралы баяндалды. Атап айтқанда, циклотронды кешен арқылы 9 радиофармпрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген. Мемлекет басшысы жаңа емдеу-диагностикалық блокты аралап көрді. Бұл жерде күрделі ауруларға шалдыққан науқастарды емдеу мен оңалтудың тәсілдері арқылы 7 терапиялық бөлімше жұмыс істейді.

Президент дәрігерлермен және ғалымдармен пікірлесіп, Ядролық медицина орталығының қызметі бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға болатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметі азаматтардың денсаулығын жақсартуға және қазақстандықтар үшін заманауи медициналық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға қызмет ететініне сенетінін жеткізді.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

16 тамыз
сейсенбі

№65 (1869)

2022 жыл

■ ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

ӘРБІР ІСТІ ХАЛЫҚПЕН АҚЫЛДАСУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа
Қазақстан: Жаңару мен
жаңғыру жолы» атты биылғы
Жолдауында жергілікті билік
өкілдерінің ашық түрде елмен
кездесу қажеттігін атап өткен
болатын. Осыған орай қала
әкімі Асылбек Шәменов
жергілікті тұрғындармен
кездесу өткізуде. Кездесу
кестесіне сәйкес қала басшысы
алдымен Белкөл, Тасбөгет
кенті тұрғындарымен жүздесті.
Қала әкімімен бірге кездесуге
қалалық мәслихат хатшысы
Ибадулла Құттықожаев,
облыстық мәслихат депутаты
Жорабек Нұрымбетов қатысты.



БЕЛКӨЛДЕГІ БАСТЫ МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Қала әкімі алдымен Белкөлдегі балаларға арналған спорт сауықтыру кешеніне барды. Спорт кешенінде 300-ге жуық бала тәрбиеленуде. Бұл спорт кешені 2019 жылы пайдалануға берілген. Содан бері талай дүбірлі додада аймақ абыройын асырып жүрген жасөспірімдер саны артып келеді.

– Спортпен шұғылданатын жастардың болашағы зор. Стамбулда өткен Әлем чемпионатында жеңімпаз болған шәкірттер бар. Сонымен қатар Москва қаласында ұйымдастырылған Әлем кубогы сайысында Сыр елінің даңқын асырған спортшыларымыздың болашағы зор екенін айтқым келеді. Мемлекет қолдауымен жеке кәсіпкерлік аясында кешен өз жұмысын бастады.

Алдағы уақытта кешен құрылысын арттырып, жастарды өнер үйірмелеріне де баулу жоспарлануда, – дейді спорт кешенінің директоры Руслан Алматов.

Қала әкімі кешен жұмысын жоғары бағалап, әлі де дамыту қажеттігін атап өтті. Содан соң теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысымен танысты.

Кент тұрғындары бұл мәселені бірнеше жылдан бері айтып келеді. Жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы биыл басталды. Жоба құны – 225,2 млн теңге. Мердігер мекеме «Golden City DS» ЖШС болып бекітілген. Құрылыстың бас жобалаушысы – «Проект Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Биыл қазан айында құрылыс толық аяқталып, халық игілігіне ұсынылады деп күтілуде.

2 БЕТТЕ



ҚАЛДАЯҚОВ «СЫР СҰЛУЫН» ҚАЛАЙ ШЫҒАРДЫ?

Жайрандап жазда ағатын еді,
Есімде қайран Сыр сұлу.
Таңертең сонда баратын еді,
Толқынға құмар бір сұлу.

Сазды әуен. Тыңдаған сайын ерекше күйге бөлейді. Өз-өзіңмен ырғалып, ынтызарлықпен әнге қосыласың. Иә, бұл әні ауызда, аты көкейдегі композитор Шәмші Қалдаяқовтың тамаша туындыларының бірі. Тұнып тұрған махаббат лирикасы дерсің?! Бірақ мұның түп-төркінінде Сейхундарияны жағалай бойлаған елдің еңбек даңқын насихаттау жатыр. Ырысты елдің күршіт мекен екенін ұғындыру бар.

3 БЕТТЕ

КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАУІПСІЗ БОЛУЫ ТИІС



Жуырда ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облыстық департаментінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті.



Онда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының жаңарту және жаңғырту жұмыстары мен инвестициялық міндеттемелерінің орындалуы жайлы айтылды.

Қазіргі таңда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өңірлік филиалы төңірегінде 2336,271 шақырым газ құбыры бар. 2022-2023 жылдарға арналған жылыту маусымына орай нысандардың қауіпсіз, ақаусыз және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін күрделі жөндеу жүргізілген.

Баспасөз туры барысында қала көлеміндегі екі газ құбырлары орналасқан екі бекетке аялдадық. Мамандар газ құбырларының ақау шыққан тетіктері жыл сайын жөнделетінін айтты.

– Мердігер мекемелермен келісімге отырып, арнайы белгіленген уақыт ішінде жұмыстың сапалы әрі тез аяқталуы қатаң тапсырылады. Биылғы жасалып жатқан жұмыстар тамыз-қыркүйек айларында аяқталады деп

күтілуде. Жөндеу жұмыстары негізінде газ қысымының реттегішін ауыстыру, бекіту арматурасы мен қазандықтары қайта қалпына келтірілетін болады. Газ қысымы жоғары болғандықтан оған үлкен деңгейдегі сапалы заманауи құрылғылар пайдаланылады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өңірлік филиалының 2020-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасының жалпы сомасы – 99492 мың теңге. Технологиялық жабдықтарды ауыстыру дер кезінде аяқталмақ. Бұл мақсаттағы жұмыстар авариялық жағдайлардың туындау тәуекелін төмендетіп, абоненттерді қауіпсіз және үздіксіз апатсыз газбен жабдықтауды қамтамасыз етпек, – дейді ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитеті облыстық департаменті басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек.

Т.ШАЙДУЛЛА

■ БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жыл жаңарған сайын облыс орталығымен қатар аудандар да өз деңгейінде дамып келеді. Өндіріс орындары өз өнімін шығарып, халық ахуалы жақсаруда. Аймақта атқарылған көп істе аудандардың үлесі де жоғары. Бүгінгі мақалада қадірлі оқырманды Қазалы ауданының тыныс-тіршілігімен таныстырмақпыз.

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАЛЫ ҚҰЛАШЫН КЕҢГЕ ЖАЙЫПТЫ

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАРҚЫН БАР

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз турында Қазалы ауданының бүгінге жай-күйімен кеңінен таныстық. Бірінші кезекте Әйтеке би кентінде салынып жатқан мектептің құрылысын көріп қайттық. 250 орынға арналған бұл мектеп облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының



тапсырысымен салынууда. Өткен жылы қыркүйекте іргетасы қаланған нысанда мектеп ғимараты, жылу қазандығы, баскетбол мен гимнастика алаңы, автотұрақ қарастырылған.

– Мектеп салуға қаржы бірінші кезеңде «Жұмыспен қамту бағдарламасы» арқылы республикалық бюджеттен бөлінді. Соған сәйкес мердігер мекеме жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы 120 аудан тұрғынын жұмысқа алды. 2 қабатты мектептің құрылысы биыл аяқталып, қараша айында тапсыру жоспарланған. 1 гектар аумақты алып жатқан мектеп аудан орталығындағы балаларға жақын жерде білім алуға мүмкіндік сыйламақ, – деді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Қуандық Іскендір.

Жалпы ауданда бүгінгі күні 2,1 млрд қаржы қарастырылған 17 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 7 нысан қабылданып, пайдалануға берілсе, қалғанының құрылысы биыл басталған. Ал 3 елді мекенді газдандыру, 250 орындық мектеп, Кәукей ауылында 100 орындық клуб, Қазалы қаласында 140 орындық балабақша құрылысы әлі жалғасуда.

Түктібаев елді мекенінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ангар типті спорт кешенінің құрылысы жақында басталса, Әйтеке би кентіндегі бесінші квартал аймағын төмен қысымды газ және электр желісімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

2 БЕТТЕ

ЕСІРТКІ ЕГЕТІНДЕР НЕГЕ АЗАЙМАЙДЫ?




БИЫЛ ЕСІРТКІ ЕККЕН 44 АДАМ ТҮТҚЫНДАЛҒАН

«Қарасора-2022»
жедел-профилактикалық
іс-шарасы 1 маусымда
басталды. 31 қазанға
дейін жалғасатын
құқықтық шара аясында
бүгінгі күнге дейін
аймақта есірткінің заңсыз
айналымына байланысты
құқықбұзушылықтың
54 дерегі тіркелген.

4 БЕТТЕ

COVID-19: ЕРКІНСҮГЕ ӘЛІ ЕРТЕ

Соңғы бір тәулікте коронавирус
жұқтырған 20 адам анықталды. Оның
ішінде 12 жағдай ауру симптомдарымен
белгілі болған.



Облыс орталығында
11 тұрғын вирус
жұқтырған.
Ал аудандардағы
ахуал бойынша
Кармакшыда – 1,
Жалағашта – 2,
Жаңақорғанда – 4,
Шиелі ауданынан – 5-еуі
тіркелген.

Айта кетейік облыста тұрғындарды
ревакцинациялау әлі де жүргізілуде. Облыстық
санитарлық-эпидемиологиялық бақылау
департаментінің мамандары екпе алу қауіпті
вирустың алдын алудың және ұжымдық
иммунитет қалыптастырудың бірден-бір жолы
екенін ескертеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘРБІР ІСТІ ХАЛЫҚПЕН АҚЫЛДАСУ КЕРЕК

Кент тұрғындары әкіммен кездесуде жол, жарық, ауызсу мәселерін көтерді. Халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге байланысты қала әкімі айтылған ұсыныстар мемлекеттік бағдарламалар аясында реттілігімен шешілетінін жеткізді. Сондай-ақ көпір құрылысының сапалы орындалуын өз бақылауында ұстайтынын жеткізді.

– Белкөл кенті маған бөтен емес. Мұндағы әрбір мәселе – ұдайы назарымда. Енді тұрақты түрде сіздермен кездесіп тұрамын. Жана Қазақстанды құру жолында елмен етене араласып, халыққа қажетті шаралардың барлығы жасалады. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауқымды жұмыстар жасалып жатқаны елдің назарында. Оның ішінде «Өңірлерді дамыту 2020-2025» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары барысында кентке ауыз су тарту, жол жөндеу, көше шамдарын орналастыру мәселесі ретімен іске асырылуда. «Қарапайым заттар экономикасы» аясында арнайы жобалар қаржыландырылып, басқа да қажетті шаралар қолға алынуда. Мұның барлығы – тұрғындар әлеуетін арттырудағы жоспарлы жұмыстар, – деді қала әкімі.

Бұл жолғы халықпен кездесу еркін форматта өтті. Өдеттегідей ұзын-сонар баяндама оқылып, сандар жиынтығымен жалғасқан жоқ. Билік пен бұқара арасында ашық диалог орнады. Ендігі мәселе айтылған ұсыныстан оң нәтиже шығарып, әлеумет мәселесінің онынан орындалуы. Бұл – елдің тілегі.

ТАСБӨГЕТТЕГІ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ ҚАНДАЙ?

Қала әкімінің кезекті кездесуі Тасбөгет кентінде жалғасты. Келелі кездесуде 35 мыңға жуық тұрғыны бар кенттің әлеуметтік мәселері талқыланып, оның шешілу жолдары қарастырылды.

Қала әкімі алдымен «СК Қызылорда строй монтаж» ЖШС меншігіндегі темір-бетон өндіру цехында болды.

– Цехта 11 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жоба құны 300 млн теңге. Мұнда диаметр 1,5 және 2 метрлік бетон сақиналар және әртүрлі сым өндіреді. Атап айтар болсақ, торшалар мен қоршауларға арналған қатты металдан жасалған сымдардан халыққа қажетті өнім өндірілуде. Сұраныс жоғары. Қала халқын толығымен қамтамасыз етіп, өзге өңірлерге де экспорттау жоспарлануда. Заманауи талапқа сай жұмысшылардың тәжірибелерін жетілдіруді қолға алсақ деп отырмыз. Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыс барысын жетілдіріп, жұмысшылар санын арттырасақ деген ойымыз бар. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, басқа да өнімдер өндіресек деген жоспарымыз бар, – дейді цех директоры Александр Ким.

Бүгінгідей экономикасы алмағайып кезеңде өндіріс жұмысын арттыру бізге ауадай қажет екенін айта кету керек. Қала әкімі цех жұмысын толық аралап көріп, қажетті қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Тасбөгеттегі түйткілді мәселенің бірі – медициналық нысан. Жергілікті тұрғындар жана емхана салынса деген ұсыныстарын көптен бері қозғап келеді. Осыған орай халық бұйымтайы ескеріліп, жеке кәсіпкер есебінен кент орталығында жаңадан биометриялық лаборатория құрылысы жүріп жатыр.

Медициналық нысан іске қосылғасын он екі адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Құрылыс жұмысы келер жылы маусым айында толығымен аяқталады деп күтілуде.

КЕНТ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ КӨПҚАБАТТЫ ТҮРҒЫН ҮЙ

Әкім аялдаған келесі нысан кент орталығында бой көтеріп жатқан көпқабатты 53 пәтерлі тұрғын үй. Жалпы ауданы 3 339 метр аумақты алып жатқан көпқабатты тұрғын үй «Фирма «МТО-Центр» ЖШС есебінен салынууда. Құрылыс биыл қараша айында толығымен аяқталып, пайдалануға берілімек. Бұл тұрғын үй кезегінде тұрған тұрғындарға ұсынылмақ. Асылбек Шәменов құрылыс қарқынын арттыруды тапсырып, сапалы орындалу қажеттігін жеткізді.



Қала әкімі №11 мектеп-лицей ауласында кент тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар ұрпақ болашағы, ұлт келешегіне керек деп танылған түйткілді мәселелерді ортаға салды. Әкім де әрбір сұраққа тереңнен толғап, әріден қозғап жауап берді. Бұл өтті-кетті, болды-біттімен емес, нақты іс, тың ұсыныс айтылған жыны болды.

Тасбөгеттің байырғы тұрғыны Тұрсынбай Махамбетов кент ішіндегі жол мәселесін көтеріп, балалар ойын алаңы салынса деген ұсыныс білдірді. Шаһар басшысы бұл мәселе заң талаптарына сәйкес оң шешімін табатынын айтып, назарында ұстайтынын жеткізді.

Тасбөгеттіктердің әкім назарына ұсынған тағы бір түйткілді мәселе Сабалақ саяжайындағы жол жөндеу жұмысы мен кент орталығындағы апаттық жағдайда деп танылған көпқабатты тұрғын үй мәселесі болды.

– Тасбөгетке қарасты Сабалақ саяжайында тұрамыз. Онда тұрғындардың бас ауруына айналған басты мәселе – жол. Ол жерде де қаншама халық тұрады. Осыны назарыңызға алсаңыз, – деді Нұрайым Тұрлығұлова есімді Сабалақ саяжайының тұрғыны.

Бұл сауалға қала әкімі облыстық бюджеттен берілген қаржыға байланысты құжаттары әзірленген көшелер жөнделетінін жеткізді. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстар жыл сайын жалғасын табатынын айтып өтті. Содан соң тұрғын үй жайы халыққа өз реттілігімен кезек бойынша берілетінін түсіндірді. Тасбөгеттегі мәселелердің уақытылы орындалуын қадғалауды кент әкімі Семсер Сыздықовқа жүктеп, жақын арада есебін сұрайтынын мәлім етті.

– Елдің ұсынысымен санасып, халықпен ақылдасып, жұмыс істеу керек. Сонда ғана ол өз нәтижесін береді. Ел арасындағы мәселелер кәсіпкерлер мен мекемелермен бірге, ұйымшылдықпен шешілуі қажет. Айтылған ұсыныстарға орай өзін арнайы тапсырма беріп, оның орындалу барысын қадағалаймын, – деді қала әкімі.

P.S. Тұрғындар тілегінің басым бөлігі жер кезегі, тұрғын үй алу, жол, жарық секілді әлеуметтік қажеттіліктер болды. Қала әкімі кездесуде өзекті мәселелерді сарапқа салып, дер кезінде шешілу жолдарын қарастыру керектігін жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАЛЫ ҚҰЛАШЫН КЕҢГЕ ЖАЙЫПТЫ

ЕМХАНА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Жақында аудандық емхана жаңа ғимаратқа көшіп келді. Маусым айының аяғында пайдалануға берілген емханада дертіне дауа іздеген аудан тұрғындары емделіп жүр. Жана ғимаратпен қатар арнайы құрылғылар қоса берілген емхана бүгінде күрделі ауруларды да анықтауға қауқарлы. Балтыры сыздаса облыс орталығына баратын аудан халқы бұл жаңалықты қуанышпен қабылдап, бүгінде игілігін көруде.



Екі ауысыммен жұмыс істейтін аудандық жаңа емхана бір күнде 500 пациентті қабылдай алады. Қазіргі таңда емханала 52 дәрігер, 120 орта буын қызметкер жұмыс істейді. Одан бөлек денсаулық мекемесі фиброгастродоскопия, ЛОР комбайн мен электроэнцефалография секілді жұмысты жеңілдететін заманауи құрал-жабдықпен қамтылған. Ал емхананың игілігін тұрғындар қалай көріп жатқаны туралы аудан тұрғыны Күнжарқын Дабыл айтып берді.

– Жаңа емханаға кіріп, еңсеміз көтерілді. Мұндай үлкен ғимарат салып берген сала мамандарына айтар алғысымыз шексіз. Бұрынғы ғимаратта бір кабинетте екі түрлі маман отырса, қазір әр бөлім қызметкері жеке қабылдайды. Аудан халқы мұндай үлкен және қызметі кеңейген ғимаратқа қол жеткізгеніне дән риза. Бұрын күрделі ауру болса Қызылордаға қатынайтынбыз. Қазір бар ем-домды өзімізден, ауданнан алуға мүмкіндік бар, – деп зейнеткер Күнжарқын Дабыл ризашылығын білдірді.

КӨГІЛДІР ОТЫН, КӨКЖИЕК ЖОЛ

Ауданда атқарылып жатқан іс қатарында көпті қуантқан Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы арасындағы жолдың реконструкциясы бар. Жоба құны 2,4 млрд теңгені құраған 4 жолақты жол құрылысы биыл аяқталмақ. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысымен салынатын жолды «Стандарт ОЙЛ К30» серіктестігі салуда.

Жоба аясында 7 шақырымды құрайтын автомобиль жолы 4 жолаққа кеңейіп, 2 темірбетон көпірі мен 2 су өткізгіш құбыры жаңғыртылмақ. Одан бөлек авто жолға түпті жарық шамдары мен аялдамалар орнатылмақ. Әр жолға 3,5 метрді құрайтын жолда автобус аялдамасының алаңы да болады.

– Биыл ауданға бөлінген 4 млрд теңгеге 7 аудандық маңызы бар автомобиль жолы және кентішілік 11 көше жөндеуден өтуде. Бұл жол құрылыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарда бар. Өз кезегінде мұндай жұмыстар аудандағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейін 85 процентке жеткізуге септігін тигізбек. Сонымен қатар аудандық маңызы бар үш жолды және кент, ауылышілік 52 көшенің жол құрылысына облыстық, республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсыныс бердік. 3,5 млрд теңгені құрайтын жоба мақұлданса, кезеңімен жүзеге аспақ, – дейді аудандық жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Нұрман Бердәліев.

Кент пен қаланы жалғайтын автожолдың құрылысы 2020 жылы басталып, баға өзгерісіне байланысты жоба-металық құжаты қысқартуға енген еді. Сол себептен арада кідіріс болып, бүгінде еш кедергісіз жұмыс қайта жанданған.



Тағы бір айта кетерлігі, Қазалы қаласында 1558 тұрғын үй көгілдір отынмен қамтылды. 1 млрд 26 млн қаржы бөлінген бұл жоба 2020 жылы басталып, 2022 жылдың сәуірінен бастап қала тұрғындарының игілігіне берілді. Қалаға газ кіргізу үшін 58,9 шақырым газ құбыры жүргізіліп, 1 дана ПГБ мен 9 ГРПШ орнатылған. Қазіргі таңда қаладағы 260 тұрғын үй газға қосылған.

Газ игілігін көретіндер қатарында Жалантос батыр, Қ.Пірімов пен Басықара елді мекендері де бар. Мәселен, Жалантос батыр елді мекеніндегі сәуірде басталған орам-шілік газ желісінің құрылысы қазан айында аяқталса ауылдың 1595 тұрғыны газбен қамтылады. Ал Қ.Пірімов ауылында 1303, Басықара елді мекенінде 1192 тұрғын көгілдір отынның игілігін көрмек. Қазіргі кезде Қ.Пірімов пен Басықара ауылында газ құрылысы бойынша желі

жүргізіліп, газ тарату құрылғылары монтаждалды. Ендігі кезекте желілері жоғарғы ауа қысымымен тексеріліп, үрлеп тазалау жұмыстары жүргізілуде. Өз кезегінде Жалантос батыр ауылында барлығы 14 шақырымды құрайтын газ желісі жүргізіліп, жоғары қысымды 4,5 шақырым газ құбыры төселуде.

Сондай-ақ Сарыкөл мен Абай ауылдарына орам-шілік газ желісін жүргізу үшін аудандық бюджеттен 10,2 млн теңге бөлініп, жоба-металық құжаттары әзірленуде. Одан бөлек «ЮгТазПроект» ЖШС директоры Ж.Тәнірбергеновтің дем-еушілігімен Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл мен Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ құбырын жеткізу үшін ЖСҚ әзірленіп, қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Қазалыда ауданға қарасты ауылдардың жағдайын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан іс ауыз толтырып айтарлықтай. Соның бірі – Қарлан көпірі. Аудандық маңызы бар Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей автомобиль жолының 16 шақырымындағы Қарлан учаскесінен Сырдария өзені арқылы көпір салынууда. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін жоба-металық құжаттарын әзірлеуге 95,381 млн теңге қаражат қарастырылып, жоба мақұлданған. Жалпы құны 4484,7 млн теңгені құраған бұл жоба аясында ұзындығы 248,29 метр көпір салынады. Нысанның жалпы ұзындығы 2,5 шақырым болса, кірме жол ұзындығы 2,305 шақырым. 17 айға созылатын бұл құрылыс ІІІ санатты автожол саналады. Бүгінде бірқатар жұмыстар басталып та кеткен.

ЕНДІ ҚАЗАЛЫДАН ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУҒА БОЛАДЫ

Облыста жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігі тек Қызылорда қаласында бар. Алайда бұл тек әзірге ғана. Жүргізуші куәлігін алу үшін аудан тұрғындары біраз әбігерге түсетін. Теория мен практикіден тұратын екі кезеңді сынақтан өтеді. Бүгінде теорияны облыс орталығындағы бөлім ғимаратында тапсырса, практикіден автоматтандырылған электронды автодромда өтуде.

Бір бөлім барлық облыс тұрғындарына аздық ететіндіктен және Қызылорда қаласынан алыс аудандағылар үшін тиімсіз болғандықтан Қазалы ауданында автодром салу жоспарға енді. Бүгінде аталған жобаның ЖСҚ мақұлданып, құрылыс жұмыстары басталып кетті.

Жалпы құны 119 млн теңгені құрайтын жобаға өткен жылы облыстық бюджеттен 5 млн теңге бөлініп, «Болашақ» серіктестігі тарапынан нысан орналасатын аумақ тегістеліп, құм төселді. Өтпелі кезеге ауысқан жобаны жалғастыру үшін облыстық бюджетке өтінім беріліп, қаржыландыру күтілуде.

Жоба толық іске қосылған кезде Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласының азаматтары жүргізуші куәлігін алу үшін облыс орталығына келмей-ақ, Әйтеке би кентінде емтихан тапсырып, құжаттарына қол жеткізе алады.

БАҚША ДА, БАҚШАНЫ СУАРАТЫН БҰЛАҚ ТА БАР

Баға бұғауға көнбей, шарықтап бара жатқаны көпке аян. Мұндай кезде қолдан келсе өз өнімініңді тұтынған абзал. Қазалылықтар бұл ұғымды жақсы түсінеді. Сондықтан да бақша егіп, өзі мен өзгені жергілікті өніммен қамтуды әдетке айналдырған.



Жалпы Қазалыда барлығы 17402 гектарға егін егу жоспарланса, бүгінде егіс жұмыстары толық аяқталып, егіс көлемі толық 100 процентті қамтыды. Соның ішінде барлығы 2364 гектар жерге дақыл егілген. Оның 330 гектары картоп, 970 гектары көкөніс, 1064 гектар бақша өнімі.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың әр отбасы өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар бақша өнімдерімен қамтамасыз ету тапсырмасына сәйкес ауданда қосымша 114 гектар жер дайындалып, оның 30 гектарына картоп, 70 гектарына көкөніс пен 14 гектарына бақша дақылдары егілген.

Одан бөлек, Саркөл ауылдық округінде Түркіменбай Таубаев 7 гектар, Алға ауылында Келес Бұқарбай 2 гектар, Майдакөл ауылында Жеткерген Өтемісов 3 гектар жерге картоп, бақша мен көкөніс еккен.

– Бақшамен айналысып отырғаным 5 жылдан асты. Зейнетке шыққаннан бастап мемлекеттен жалға жер алып, егін егеміз. Қазір бақшада картоп, қызанақ, қызылша, асқабақ өсіп жатыр. Жердің салығы қымбат емес, сугаруға да жағдай жасалған. Демалыс күндері балаларым да келіп, көмек қолын созады. Осы бақшаның арқасында қыстай өзіміздің өнімді тұтынамыз. Қалада тұратын балаларыма да жеткізіп береміз. Жерімдіздің көлемі 70-80 сотықты құрайды. Судан аса бір тапшылық жоқ, каналдан әр бақша иесі насоспен тартып алады. Ешқандай дорісіз, тек шіріген көңнің көмегімен осыныа өнім алып отырмыз. Барлығы табиғи таза, жергілікті өнім, – дейді бақша еккен аудан тұрғыны Сахи Татаев.

Зейнеткер бақшалық қызметті әбден меңгерген. Жазда егінмен қатар, көң шірітіп, тыңайтқышын да өзі дайындайды. Қалаға іргелес орналасқан бұл ауылшаруашылық аумағында бақшамен айналысатын тұрғын көп. Бірі өзі-өзін қамтиса, өзгесі саудаға жібереді. Бұл өз кезегінде аудан тұрғындарының жеке экономикасына елеулі оң үлесін қосатыны анық.

Аудандағы ауыл шаруашылығымен айналысатындарға жағдай жасау да күн тәртібінен түскен емес. Өткен жылы

қуаншылық бұл саладағы біраз кемшілікті анықтап берді. Сол кемшіліктерді жою мақсатында ауданда жайылымдық жерлерді суару үшін су ұңғымалары қажетті елді мекен тізімі нақтыланған. Олардың қатарында соңғы 40 жылда бірде-бір бұлақ немесе құдық қазылмаған ауылдар да бар.

Бұл кемшілікті жою үшін Қарашенгел, Шөкен мен Арықбалық ауылдарында 3 ұңғыма қазуға республикалық бюджеттен 61,8 млн теңге бөлінген. Қазіргі кезде Қарашенгелде «Прайд ЛТД» серіктестігі мердігер ретінде анықталып, ұңғыма қазуды бастады. Ал Арықбалық пен Шөкенде «Энергия НҰР» ЖШС мердігер ретінде анықталды. Ұңғыма қазу жұмыстары тамыз-қыркүйек айларында басталады деп жоспарлануда.

КӘСІБІ КЕҢГЕ ЖАЙЫЛҒАНДАР КӨП

Қазалы ауданында шағын және орта кәсіпкерлік бойынша 5299 нысан тіркелген. Биыл 11 кәсіпкер өз жұмысын бастаса, 125 жобаға мемлекет тарапынан 1,5 млрд теңге қаржылай қолдау берілген.

– Қазалы ауданының тұрғындары кәсіпкерлікке бейім болғандықтан «Екінші Түркістан» деп аталып кеткен. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығынан бөлек өнім өндіру саласы да өз деңгейінде дамып келеді. Мәселен, биыл «Қызылорда өңірлік инвестиция» орталығынан 13 жоба қолдау тапса, соның 9-ы өндіріске бағытталған. Одан бөлек 2022 жылы 12 нысан іске қосылса, жыл аяғына дейін тағы да 7 кәсіпкерге толықпақ, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің жетекші маманы Арыстанбек Сермағанбетұлы.

Айта кетерлігі, көп кәсіпкер өз қызметін аудан орталығында бастайтыны заңдылық. Дегенмен ауылдық жерлерде де қажетті кәсіп көзін ашу үшін жағдай жасалған. Мысалы, ауылға шаштар, монша секілді нысан қажет болса ауыл әкіміне тапсырма беріліп, сол кәсіпке қызығы бар азаматтар анықталып, жүзеге асыруына жағдай жасалуда.



Мемлекет қолдауымен 6 проценттік несие алып, өндірісін өркендетіп отырған азаматтың бірі – Талғат Ембергенов. Қазір ол арнайы ғимарат тұрғызып, ағаш өнімдерін шығаруда. 5 адам жұмыспен қамтылған бұл нысанда ағаш баспалдақтар, түрлі жиһаз жасалады. Кәсіпкер өз өніміне тапсырысты онлайн қабылдап, жүйелі жұмыс істеуде. Қазіргі таңда оның цехынан шыққан ағаш бұйымдар Арал мен Қызылорда арасындағы аумақтарға саудалануда.

Кәсібін кеңейту үшін «Қазалы ағаш бұйымдары» жеке кәсіп иесі мемлекеттік грантка өтінім берген. Бұл жобасы қолдау тапса мұнда ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ойыншықтар жасалмақ.

Ал темір-бетон бұйымдарын шығаратын Ұлан Мендібаев өз кәсібін 2020 жылы бастап, бүгінде 3 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл кәсіп иесінің өніміне аудан тұрғындарының сұранысы көп. Үйлердің көріз жүйесіне арналған бетон сақиналары мен қақпағы жасалып, аудан тұрғындарына сатылады.

– 2013 жылдан бері сентехникалық жұмыстармен айналыстым. Уақыт өте келе көріз жүйесіне темір-бетон сақиналарын орналастыратындар көбейді. Алайда ауданда ондай өнімді табу оңай емес еді. 2020 жылы осы кәсіпті зерттеп, тиімділігі болғандықтан өнім шығаруды жоспарладық. Сұраныс көп, мамыр мен маусым айында өнім көптеп сатылады. Биыл өңірлік инвестиция орталығынан 4 млн теңге несие алып, жаңадан құрылғы сатып алдық. Алғашқыда құрастырылмалы қалыппен жұмыс істесек, бүгінде өндіріс автоматтандырылған. Шикізатты, яғни цементті Шнеліден, шебенді Жанақорғаннан келісімшарт бойынша алдыртамыз, – дейді «Ақжігіт» жеке кәсібінің иесі.

Алғашқы жылы 200 дана өнім дайындаса, өткен жылы сұранысқа сай 459 өнім саудаланған. Ал биылғы жарты-жылдыққа бұл өндіріс орнынан 700-ге жуық өнім дайындалып сатылған.

«ҒАНИ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні мерекесіне орай Қазалыда Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев атындағы республикалық жастар сыйлығын табыстау шарасы өтті. Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда өткен шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, жеңімпаздарды құттықтады.

Салтанатты шарада аудан әкімі мен облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Руслан Қаюпов жүзден жүірік шыққан жеңімпаздарға «Ғани Мұратбаев» атындағы республикалық жастар сыйлығының дипломын, төсбелгісін және естелік сыйлығын табыстады.

Салтанатты шараның жалғасы концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна төріне көтерілген белгілі эстрада жұлдызы Өмірқұл Айнязов, Елордадағы мемлекеттік академиялық филармония солісі Алтынбек Әбілда және тағы басқа талантты әншілер көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ,
Қызылорда-Қазалы-Қызылорда

СҰХБАТ



Өнері өрісті елдің келешегі кемелдене бермек. Қызылорданың өнері қалай дамула? Мәдениет үйлері жанынан ашылған үйірмелердің бағыты қалай? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағынапар Тажмахановпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

– Жағынапар Айтбайұлы, елімізде мәдениет саласын дамыту мен мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Ендеше, әңгімеімізді өзіңіз басқарып отырған бөлімнің аткарып отырған қызметінен бастасاق...

– Қазіргі таңда қала мәдениеті өз деңгейінде жоғары нотада елге қызмет етіп, мәдени-рухани азық сыйлап келеді. Оның бәрі мемлекет қолдауын жүйелі түрде үйлестіріп отырған қала басшылығының мәдениет саласына деген оң ықпалсынан деп білеміз.

Мен салаға басшы болып келмей тұрған кездегі ілкімді істерді атап айтар болсақ, заманауи үлгіде дыбыс жазу студия-сы, дыбыс күшейткіш аппаратурасы, фольклорлық, вокалды аспапты ансамбльдер мен би топтары, көркемөнерпаздар үйірмелеріне инструменттер, сахналық киімдер тігіліп барынша қолдау көрсетіліп, үш қызметкер қызметтік бас-панаға ие болған. Бұл да болса ұлттық өнердің қанат жайып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына себепкер болып жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегінің елеңгені деп білеміз.

Бүгінгі таңда қала мәдениетін дамыту, оның тәуелсіз елі-міздің жаңа буын өкілдерінің сұраныс деңгейіне көтеру, қала көлеміндегі көркемөнерпаздар ұжымдарын насихаттау және қаламыздың мәдени-рухани жаңаруына сүбелі үлес қосу – біздің басты мақсатымыз. Сондай-ақ ұлттық дәстүрлерімізді көздің қарашығындай сақтап, оны байыту және қайта жаңғырту, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, талантты жастардың өнерін қолдай отырып қала мәдениеті мен өнерін дамыту бүгінгі күннің негізгі талабы болып отыр. Жыл басынан бері, яғни 6 айдың есебі бойынша мәдениет саласында 574 мәдени іс-шара өткізіліп, оған 107673 көрермен тартылған. Атап айтар болсақ, «Мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындарында үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жандандыру жолдары» атты облыстық семинары, 21 наурыз күні Балалар жылына тарту ретінде Сыр елінің бас шаһарында «Көктем нұры» атауымен республикалық оқушылар айтысы, «Атадан балаға мұра» атты балалар мен жасөспірімдер арасында облыстық колөнершілер байқауы өтті. Сатирик ақын А.Токмағамбетовтың шығармашылығын насихаттауға арналған «Жауһар жырдың Асқары» атты көркемсөз шеберлері байқауы, Ұлттық домбыра күніне орай «Ұлттың үні – домбыра» атты мәдени көпшілік шара өткізілді. «Ел іші – өнер кеніші» атты дәстүрлі қалаға қарасты кент және ауылдық округтер арасындағы байқау да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сонымен қатар мемлекеттік тіл мәселесіне өзіңіз айтқандай ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы да мемлекеттік тіл мәселесін май шаммен қарамаса болмайтынын айтып, ауладан бастап, мектеп, оқу орындары, ұйымдар мен мекемелердегі қазақ тілінің жағ-дайы алаңдатыатынын айрықша атап өтті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, осы мәселеде күш біріктіргеніміз абзал. Өйткені тілдің жайы – бәрімізге ортақ. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек деп есептейміз.

– Бөлімге қарасты мәдениет ошақтары туралы айта кетсеңіз...

– Бөлімге қарасты 12 мәдениет үйі мен клуб кәсіпорындары жұмыс жасап, халыққа қызмет көрсетіп келеді. Оның ішінде,

9-ы қалаға жақын орналасқан кент және ауылдық округтерде болса, 3-і осы қалада орналасқан. Аталған мәдениет үйлерінде қала мен қалаға қарасты ауылдарда барлығы 93 үйірме жұмыс жасап, онда 1079 өнерпаз түрлі бағыттағы өнер түрлерімен кәсіби түрде шұғылдануда. Өткен жылдың есепті кезеңімен үйірмелер саны 2,2 процентке артқан.

– Біздегі мәдениет үйлерінің қызмет сапасын жақ-сартуда қандай шаралар атқарылуда?

– Биылғы қала мәдениетіндегі басты жаңалықтың бірі – екі ауылдық округте жаңа типтік үлгідегі клуб салынуда. Атап айтқанда, Қызылорда қаласына қарасты Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық округтерінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында типтік үлгідегі 150 орындық клубтар-дың іргетасы қаланып, бүгінгі таңда құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 544 млн 910 мың 895 теңгені құрайды. Бұл ауылдардағы жаңа мәдениет ошақ-тарын жыл аяғына дейін халық игілігіне пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жалпы мәдениет үйлерінің қызмет көр-сету сапасын жақсарту үшін материалдық-техникалық базасын ұдайы жаңғыртып отыру қажет. Сонымен қатар кадр мәселесіне

өскелен ұрпақтың бақытты балалық кезеңін сезіндіре отырып, олардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында қаламызда үйірме жұмыстары жақсы жолға қойылған. Атап айтар болсақ, үйірме өнерпаздары 25 халықаралық, 48 республикалық,1 аймақтық, 30 облыстық, 77 қалалық байқау бойынша өз өнер-лерін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Үйірме жұмыстары-ның жеткілікті деңгейде жолға қойылғанының мысалы рет-інде белгілі ақын Мамыр Байдаулетов жетекшілік ететін «Қауырсын» жас ақындар үйірмесі мүшелерінің өлеңдері топтастырылған «Ақ қанат өлең», «Буыршын белес» сынды жыр жинақтарының оқырманға жол тартқанын, ән өнеріне қанат қакқан «Сыр сандуғаштары» ән үйірмесінің талантты балалары 2021 жыл бедерінде Италия мемлекетінде өткен «Liberta Creativa» халықаралық конкурсынан бірнеше жүлделі орындарды иеленгенін және 2020 жылы жастар арасында ән шығармашылығының дамуын қолдау мақсатында өткен «Қызылорда дауысы» мега жобасында аталған ән үйірмесінің түлегі Аяғөз Аралбайқызы бас жүлдені жеңіп алғанын айтуға болады. Алдағы уақытта да осындай үйірмелер арқылы жас ұрпақтың рухани дүниесін байыту, олардың шығарма-

МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАМАЛЫ БЕРІК

бей-жай қарамау керек деп ойлаймын. Өйткені қазіргі уақытта көрермендер мен тыңдармандардың талғамы өте жоғары, сондықтан халыққа сапалы қызмет көрсету басты назарда.

– Мәдениет үйлеріне жас мамандар тарту жағы қалай?

– Талантты, дарынды балалардың шығармашылығы дамып, жетістіктерге жетуі тікелей үйірме жетекшілерінің тынымсыз еңбектеріне байланысты. Бұл ретте біздегі үйірме жетекшілерінің басым көпшілігі жастар және барлығы дер-лік талантты өнерпаз, іскер ұйымдастырушы. Жалпы мәде-ниетке шын берілген адамдар ғана келеді. Шара кезінде сах-нада жарқырап тұрғанымен, сахна сыртындағы мылтықсыз майдаңды көп адам біле бермейді. Білмегесін де сырт көзге бәрі оңай болып көрінуі мүмкін. Жұмысқа келген жас мамандардың барлығының қала мәдениетіндегі орны ерекше. Саланың ыстық-суығына, қызығы мен шығығына тәзіп, азғантай айлықпен ұлтқа қызмет етіп жүрген қыз-жігіттердің ұжыммен, үйірме мүшелерімен жұмыс жасауына көңілім толады. Бүгінгі жас буынды қала мәдениетінің болашағы деп сеніммен айта аламын.

– Оқушылардың қандай үйірмелерге қызығушылығы басым?

– Жоғарыда айтып өткендей, қалаға қарасты мәдениет ошақтарында жалпы 93 үйірме болса, оған 1079 көркемөнерпаз тартылған. Өнердің бірнеше түріне баулитын үйірмелердің ішінде қайсысына қызығушылығы басым деген сұраққа балалардың белгілі бір үйірмеге қатысу көрсеткіші жауап береді. Жас балғындардың басым көпшілігі ән және хор, көркемсөз, би, сурет үйірмелеріне қатысуға ынталы. Бар-лық үйірмелердің түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу, жетістікке жету тұрғысында өз орындары бар. Соның ішінде А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйіндегі белгілі ақын, «Құрмет» орденінің иегері Мамыр Байдаулетов ағамыз жетекшілік ететін «Қауырсын» жас ақындар үйірмесі, бел-гілі хореограф Ақмарал Қойшығұлова жетекшілік ететін «Ақмарал» би студиясы, «Арнайы» би тобы, белгілі мәдениет майталманы Бағдагүл Есмұрзаева жетекшілік ететін «Сыр сандуғаштары» вокалды тобының, М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде 2006 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан ҚР Мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері Ләйла Насимханова жетекшілік ететін «Бозторғай» балалар хорының республикалық, халықаралық деңгейдегі жетістіктері жетіп артылады. Сондай-ақ қалаға қарасты кент және ауылдық ок-ругттердегі мәдениет ошақтарының үйірмелері де тұрақты, сапалы жұмыс жасап, талантты балаларды өнерге баулуда. Олардың да ауыз толтырып айтарлық жетістіктері баршылық. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі десек,

шылығын шындап, шеберлік деңгейін арттырып, ынта-ықыла-сын молайтуға, өз елін, өз халқын сүюге, қазақтың өнері мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу күн тәртібінен түспек емес.

– «Балалар жылы» аясында қандай мәдени шаралар өткізілуде?

– «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, қай кезде де мемлекет баланың үздіксіз дамуына инвестиция құюды тоқтатпақ емес. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының пәрменімен «2022 жыл – Балалар жылы» деп жарияланды. Жыл басынан бері 112-ден аса шара өткізіліп, 33500 бала қамтылды. 5 наурыз күні қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 8 наурыз – халықаралық Әйелдер күні қарсаңында балалар жылының салтанатты ашылуына арналған «Балдәурен шақ – бал ғұмыр» атты мерекелік концерт өтті. «Балаларын бағым деген – Сыр ана» атты театрландырылған қойылыммен басталған мерекелік концертте оқушылар сарайы, М.Қалауов атындағы өнер мектебінің, А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған үйірмелердің, сондай-ақ «Самұрық-Kids», «Бегім-ай» өнер орталықтарының талантты балалары өнер көрсетіп, халық ықыласына бөленді. Сондай-ақ қойылымды қызықтаған балаларға базарлық таратылды. 11 наурыз күні «Балалар жылына» орай А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сықырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театры балалар психодиспансерлік орталығына барып «Тышқандар тартысы» атты ертегі ұсынды. 21 наурыз күні А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында «Балалар жылына» арналған «Атадан балаға мұра» атты балалар мен жасөспірімдер арасында облыстық колөнершілер байқауы өтті. 2 кезеңде өткен байқаудың іріктеу сынына 60-тан астам жас колөнерші қатысып, актық кезеңде 21 оқушы өз бактарын сынады. Айта кетейік, байқау барысында облысымызға танымал колөнер шеберлері жас талап ісмерлерге шеберлік сағатын өткізіп, бай тәжірибелерімен бөлісті. Дәл осы күні А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Балалар жылына тарту ретінде Сыр елінің бас шаһарында республикалық оқушылар айтысы ұйымдастырылды. «Көктем нұры» атауымен айышқаталған дода әзі-Наурыз мерекесінің ажарын ашты. Айтыста еліміздің 5 өңірі мен Қызылорда қаласынан және Сырдария, Шиелі аудандарынан келген 10 жас ақын бәк сынады. Айтысқа сусап келген тұрғындар сөзден қамшы өрген арқалы жас ақындардың өнеріне тәнті болды.

ӨН ҚАЛАЙ ТУДЫ? ЖҰРТ БІЛЕТІН ШӘМШІ ӨН КЕЙІПКЕРЛЕРІМЕН ҚАЛАЙ ЖОЛЫҚТЫ?

1964 жылдың көктемі. Ақпанның ақырғы күні бітіп, шуағын шашып наурыз айы келген. Жер-Ана бусанып, бүкіл тіршілік ояна бастады. Күзгі орымнан кейін тыныққан еңбеккерлер де дала қосына қарай бет алған шақ. Бұл кезде барлық күш дала жұмысына бағытталады. Еңбекшілердің рухын шыңдау, жұмысқа деген ынтасын арттыру – идеоло-гиялық жұмыстың негізі. Осы жылы облыс басшылығы күршітә өңірдің даңқын бүкіл республикаға танытып, оны дәріптеуді қолға алады. Сол бойынша елге композитор Шәмші Қалдаяқов шақырылған.

Ігі істің бастамашысы облыстық партия комитетінің хатшылары М.Ықсанов пен Қ.Жарқынбеков болса, белгілі композиторды күтіп, Сыр күршінің – ел ырысы екенін таныту облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы Ұ.Бағаевқа, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы А.Айдовсов пен облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлі-мінің басшысы Д.Айдаровқа жүктелген. Бұл жөнінде мемлекет және қоғам қайраткері Дәуірхан Айдаров «Сыр сұлуы» әнінің тарихы туралы естелігінде жазыпты. Естелік қоғам қайраткерінің зайыбы Рәш Ембергенқызы арқылы «Ана тілі» газетіне жарияланған.

Сол жылдың көктемінде сазгер Шәмші Қалдаяқов жас ақын Мұхтар Шахановпен елге келеді. Жауаптылар талантты тұлғаларды құрметпен күтіп, берекелі аймақпен таныс-тырады. Содан соң негізгі мақсатқа көшкен. Адам жанын тебірентер ән шығарып жүрген Шәмші: «Иә, болашақ әннің әлдеқандай нобайын түсіргендей болдым. Бірақ бір сыр айтайын, осы кезге дейін ақ күршітп палауын қанша құмартып жесем де, сол күршітпң қайда, қалай өсетінін, өскен кезде қандай түрде болатынын көрген емеспін. Ал көрмеген өнерсені қиялда тербетіп, ол жай-ында жанды тебірентер жақсы дүние туғыза



ҚАЛДАЯҚОВ «СЫР СҰЛУЫН» ҚАЛАЙ ШЫҒАРДЫ?

қою да қиын. Осы жағы мені біраз қинайтын түрі бар» дейді. Сол мезетте, жауаптылар өткен жылы Сыр дақылынан мол өнім алып, ауыл шаруашылығы көрмесіне күршіпен қатысқан Сырдария ауданы Жамбыл кол-хозына бірден шығады. Колхоз төрағасы Сейіткамал Иманбаевқа мән-жайды айтып, құрметті меймандар аталған ауылға қонақ болады.

Бұл кезеңде Жамбыл колхозының жеті қызынан құрылған «Сыр сұлуы» брига-дасының аты жан-жаққа тараған. Жас күрші-шілер Баян, Дариха, Әсия, Қаламқас, Арапа, Тұрғанкүл, Раушан мектепті бітірісмен қолға кетпен алып, ауыр жұмысқа жегілген. Жас күршішілер жасағын да құрып, алғашқы жылы әр гектардан 52 центнерден өнім алды. Жас звеноводтардың бұл жетістіктері

газеттерде жарыса жазылды. Жергілікті композитор Арыстан Айтбаев пен жас ақын Сақтаған Есмахановтың жеті қызға арнап жазған «Аққуымыз ауылдың» әні ұранға айналып үлгірді.

Күршітә айдында аққумыз, Сайраған бүлбүлі бақтың – біз. Күмбірлеп көмейден төгілген, Жігіттің аузында гәккүміз. Қайырмасы: Өніміз – сәніміз, От-жалын – жанымыз. Арнайлы – әр таңымыз, Егін-жай ері деп таңыңыз, Тек сонан табыңыз, Тек сонан табыңыз. Даңғайыр дикан Ыбырай Жақаевтың ізбасары болған жас күршішілердің әнін

дүниеге әкеледі. Ал оның мәтінін дарынды ақын Зейнолла Шүкіров жазады. Осы әннің арқасында қос талант Сыр бойында кездесіп, ырғақты, әуезді әнді жұртшылыққа ұсынды. Бұл ән қазақстандықтардың еңбек гимніне айналды. Оны ең алғаш сол кезде Қызылордадағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінің студенті Зияш Айдарова орындады.

Бірегей талант иесі мен қазақ вальсі королінің туындысы негізінде 1967 жылы «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі құрылды. Оның негізін қалаушы – композитор Мүлкаман Сүлейменұлы Қалауов. Ерекше дарын иесі өнерлі ұжымға өзі көркемдік жетекші әрі дирижер болады. Ол күндіз-түні еңбектеніп жүріп, ансамбльді үлкен жетістікке жеткізеді.

Сондай-ақ 5 сәуірден бастап қала аумағында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты кешенді мәдени-спорттық шаралар өткізілуде. Балалар жылына орай бұқаралық спортты дамыту және ұлттық спорт түрлерін дәріптеу, қала әкімінің тапсырмасына сәйкес ауқымды жарыстарға шет аумақтардағы балалар мен жасөспірімдерді де қамту мақсатындағы кешенді мәдени-спорттық шараларда қаламызда ашылған түрлі өнер орталықтары мен қалалық мәдениет үйі өнерпаздары да халыққа рухани-мәдени демалыс ұсынуда. Балалар жылындағы ең ауқымды шараның бірі ретінде «Бак орданың бақытты балалары» атты облыс әкімінің қатысуымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай орталық стадионда өтіп, 6000 адам қамтылған шараны айта аламыз. Алдағы уақытта да атаулы жыл аясында түрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Соның бірі де бірегейі ҚР Мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері, М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің әдіскері Ләйла Насимханованың авторлық жобасы дәстүрлі қалалық «Бал-бала» балалар шығармашылығы байқауының 15 жылдығы облыстық деңгейде атап өтілмек.

– Сіздің ойыңызша, бүгінгі өнерпазбен бұрынғы өнерпазда айырмашылық бар ма? Не жетіспейді, мендей артықшылық бар?

– Бүгінде ұлттық болмысымыз бен рухани мұрамызды келер ұрпақ санасына сіңіру – мәдениет үйлерінің, мәдениет қызметкерлерінің басты міндеті. Қазақ мәдениеті мен өнері, қазақтың театры дегенде әуелі Қызылорданың аты аталғаны, рухани бұлақ көзінің осы қасиетті мекеннен бастау алғаны төбемізді көкке жеткізеді. «Сыр елі – жыр елі» деген мәртебелі атаудың біздің елге телінгені де көңілімізді марқайтады. Өйткені Қызылорда өңірі ғасырлар бойы қалыптасып келген қазақ мәдениетінің көне ошақтарының бірі. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Мәдениет – ең алдымен жәдігерлік. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші – өнерлі, талантты, зиялы қауым. Осы ретте бұрынғы өнерпаз бен қазіргі өнерпаздың аса қатты айырмашылығы бар деп айта алмаймын. Әрқайсысы өз деңгейінде, шама-шарқаныша халыққа қызмет етіп келеді. Айырмашылық болса, ол өмір сүру, еңбек ету кезеңінде ғана деп ойлаймын. Ол дегеніміз, бұрынғыға қарағанда қазіргі өнерпаздың мүмкіндік аясы кең, яғни заманның соңғы үлгідегі жетістіктерімен жарақтанған.

– Сала жұмысын жүйелеуде қай бағытқа басым-дық беріледі және алдағы уақытта атқарылар жоспар-ларыңызбен бөлісесіз...

– Біріншіден, бөлімге қарасты мекемелердің жұмысын дамыту бойынша қалыптасқан проблемалық мәселелерді қаржы мүмкіндігіне қарай шешімін табуына жұмыс жасау және жаңа жобаларды қолға алу. Бұл жерде мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырып, халыққа қызмет көрсетумен қатар, кітапханалардың жұмысына жаңа серпін беру, қалалық музейдің қорын ұлғайту мен халықтың қызығушылығын арттыру секілді мәселелерді қолға алғып жатырмыз. Сондай-ақ бөлім жұмысының тағы бір бағыты, ономастика жұмысын үйлестіру мен мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және тіл тазалығын сақтауға қатысты тұрақты түрде жұмыстар жүргізу күн тәртібінде тұр. Алдымызда саланың жұмысын дамытуда, қала мәдениетін өрістетуде әріптестерімізбен бірге атқаратын көптеген жоба-жоспарларымыз бар.

– Жалпы атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Дегенмен мәдениетті өркендету үшін руханиятты түсіну керек деп жатамыз. Өзіңіздің азамат жетекшілік ететін қаланың мәдениет саласы алға адымдамаса, кер емес. Осы бағыттан таппаңыз.

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Мәселен, 1967 жылы 9-14 шілде аралығында 140 мүшесі бар «Сыр сұлуы» ансамблі республикалық байқаудан үздік шығып, құрамы 90 адамға қысқартылып, Мәскеуге Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер апталығына жолдама алады. Бір апта бойы ансамбль Мәскеудің алаңдарында, Кеңес Одағы халық шаруашылығы жетістік-терінің бүкілодақтық көрмесінің (ХШЖБК) үлкен сахнасында концерт беріп, нәтижесінде ХШЖБК-ның «Алтын медалі» және дипломмен марапатталды. Ал 1968 жылы «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі республикамызда тұңғыш рет «Халық ән-би ансамблі» деген жоғары атаққа ие болды. Осы жылы шеберлігі ұсталған, құрамында 35 адамы бар халық ән-би ансамблі Болгарияда өткен студент жастардың ІХ фестивалінің лауреаты атанды.

1970 жылы Молдавия астанасы – Киши-нев қаласында өткізілген ІІ Бүкілодақтық ән-би ансамбльдерінің фестиваліне қатысып, Орталық Азия республикаларынан барған өнерпаз ұжымдардан шоқтығы биік болып, І дәрежелі дипломымен марапатталды. Келер жылы «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Алматыға өнер көрсетуге шақырылды. Осы сапарда мәдениет министрілгінің «Құрмет» грамотасына ие болған ансамбль туралы журналист, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ж.Бекқожаевтың сценарийі бойынша «Қазақфильм» киностудиясында «Сыр сұлуы» атты деректі фильм түсірілді. 1986 жылы «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Иемен Араб респуликасына және Иемен халық демократиялық респу-бликасына өнер сапарымен барып, абы-роймен оралды. Ансамбль туралы 1967, 1968, 1971, 1982, жылдары деректі фильм-дер түсірілген.

Осылайша, «Сыр сұлуы» әні, осы атпен құрылған ансамбль республика жұртына танылды. Әуелеген ән әрбір қазақтың жүрегіне жетіп, бұл әнді көпшілік бүгінгі күнге дейін ерекше ынтызарлықпен шырқап келеді.

Ердос СӨРСЕНБЕКҰЛЫ, журналист

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі назардан тыс қалған емес. Дегенмен білім жолында жемқорлық болмауы тиіс. Бұл – алаңдатарлық мәселе. Осы мақсатта облыстық білім басқармасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» агенттігінің облыстық департаментімен бірлесе «Сыбайлас жемқорлыққа



қарсы іс-қимыл заңнамасын сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдер мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

БІЛІМ ЖОЛЫНДА АДАЛДЫҚ ҚАЖЕТ

Шараға облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» агенттігінің облыстық департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов және қоғамдық ұйым жетекшілері мен білім беру ұйымдарының басшылары қатысты. Олар білім беру саласында сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын-алу бойынша жұмыстар негізінде өз ойларын ортаға салды.

– «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірлесе сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары

алуға болады. Біздің ортақ мақсатымыз – сыбайлас жемқорлықты болдырмау. Ал оны болдырмау үшін алдын-алу қажет, – дейді «Әділдік жолы» РКБ облыс бойынша филиал басшысы Ләззат Бактыбаева.

Басқарма басшысы мектеп директорларына жұмысқа қабылдау мен мемлекеттік сатып алуға заң талаптарына сәйкес жұмыс істеп, сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алу бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

– Білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қатысты айтылып жатқан әңгіме көп. Сондықтан сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін, осындай әңгімеден арылу үшін өзімізден



бойынша жұмыс жасап, ұдайы мониторинг жүргізеді. Соның бір саласы – мемлекеттік сатып алу порталы. Бүгінгі таңда біздің тарапымыздан жасалған жоспарлы мониторинг негізінде үш айдың ішінде білім саласына қатысты 11 іс анықталып отыр. Ол – негізсіз сатып алу. Көп ретте сатып алуға рұқсаты жоқ жиназдарды алу тәсілін қолданған. Осы жерде біздің тарапымыздан ұсыныс – білім саласындағы азаматтар сатып алу бойынша маман болып табылмайды. Олардың негізгі мақсат-міндеті – балаларға білім беру. Сондықтан сатып алудан мектеп басшыларын босату қажет немесе арнайы курс негізінде оқыту керек. Өйткені өздерінің таза еңбектерін мемлекетке айыппұл негізінде төлеп отыру негізсіз болып табылады. Мектеп басшыларына айтарымыз сатып алу жөнінде қандай да мәселелер бойынша кеңес

«Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірлесе сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары бойынша жұмыс жасап, ұдайы мониторинг жүргізеді. Соның бір саласы – мемлекеттік сатып алу порталы.

бастап жұмыс істеу қажеттіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы мәселеге назар аударып, алдын-алу жұмыстарын жүргізіп жатқандықтан біз қатаң бақылауға алуға тиіспіз. Мектепке жұмысқа қабылдау, мемлекеттік сатып алу, сағат бөлінісіне байланысты бағытта талапты күшейту қажет, – деді облыстық білім басқармасының басшысы.

Жыныда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» агенттігінің облыстық департаменті басшысының бірінші орынбасары мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылық талаптардың сақталуы мен сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту туралы айтып, бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Ал басқарма басшысы қоғамдық ұйым жетекшілері қойған сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстарды ескеретіндігін айтты.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Облыстық полиция департаментінің хабарлауынша, «Қарасора-2022» профилактикалық шарасы барысында облыста есірткінің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтың 54 дерегі анықталған. Оның ішінде есірткі затын аса ірі мөлшерде сақтаудың 2 дерегі, есірткі сатуының 3 дерегі, есірткі өсірудің 36 дерегі және есірткіге байланысты қылмыстық теріс қылықтың 13 дерегі тіркелген. Он мың түптен аса сора өсімдігі жойылып, заңсыз айналымнан 23 келіге жуық марихуана тәркіленген. Есірткі өсірумен айналысқаны үшін 44 адам ұсталса, оның 13-і қамаққа алынған, біреуі үй қамақта және 29-ы қолхатта, бір Өзбекстан Республикасының азаматы құжаттары болмауына байланысты қабылдау-тарату орнына орналастырылған.

тындысы күтілуде. Одан бөлек маусым айында полиция департаменті жүргізген жедел-іздестіру іс-шарасы нәтижесінде Алматы қаласынан әуежай арқылы өтіп, ұшақпен келген Алматының 20 жасар тұрғыны ұсталып, тексеру кезінде салмағы 5,96 грамм «меткатинон» синтетикалық есірткі заты анықталды. Қазіргі уақытта тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Жалпы сатушыға да, тұтынушыға да зияны көп есірткінің жауапкершілігі де қатаң. Мәселен, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 296-ы бабының 1-і бөлігіне сәйкес қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынгандар 100 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл арқалайды,



Биыл есірткі еккен 44 адам тұтқындалған

Өткен жылдан бастап облыста есірткінің синтетикалық түрін саудалаушылар анықталуда. 2021 жылы 24 жастағы атыраулық, 22 жастағы семейлік және 20 жасар қызыл-ордалық қылмыскер ұсталған. Олардан заңсыз айналымнан барлығы 130,8 грамм α-пирролидиноалерофенон, α-PVP және 235,83 грамм меткатинон синтетикалық есірткі тәркіленген.

Ұсталған қылмыскердің барлығына аса ауыр санаттағы қылмыстық іс ретінде Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 297-і бабының 3-і бөлігі бойынша тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп, сотта бас бостандығынан айыру жазасына тартылды.

Биыл Қызылорда қаласының 32 жастағы азаматшасы құрықталып, үйінен 30,30 грамм «2-(пирролидин-1-ил)-1-фенилпентан-1-он (PVP)» және сату үшін жасырып қойған жерлерінен синтетикалық есірткі тәркіленген. Қазіргі таңда сараптама қоры-

не осы мөлшерде қоғамдық жұмысқа тартылады немесе 45 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынады.

Егер есірткіні сатқаны және сату мақсатында сақтағаны анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы қылмыстық кодекстің 297-і бабының 1-і бөлігіне сәйкес мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Сондай-ақ есірткіні аса ірі мөлшерде сату мақсатында сақтағаны немесе тасымалдағаны үшін 297-і баптың 3-і бөлігіне сәйкес мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Есірткіні ірі көлемде өсіргені үшін қылмыстық кодекстің 300-і бабы 2-і бөлігінде 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Түйін: Есірткіні сату да, сатып алып тұтыну да жақсылыққа апармайтыны анық. Біріншісі темір торға тоғытса, екіншісі өлімге апаруы әбден мүмкін.

А.БІРКЕНОВ

■ ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ



13 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Наурыз айында Қызылорда қалалық полиция басқармасына саяжайлардың бірінде кісі өлімі болғаны жайлы ақпарат түскен.

Жедел-ізвестіру шарасының нәтижесінде полиция қызметкерлері «ізін суытпай» күдіктіні ұстап, уақытша ұстау изоляторына қамады. Ол өз кінәсін толығымен мойындады.

Күдіктінің іс-әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігімен (Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату) сараланып, объективті тергеп-тексеру әрекеттері жүргізіліп, қылмыстық іс ҚР ҚПК-нің 300-бабына сәйкес айыптау актісімен сотқа жолданды.

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен айыпталушыға 13 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

ЗАҢСЫЗ ҚАРУ АЛЫП ЖҮРГЕН

Облыстық полиция департаментінің Қазалы аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы «Кник» жедел-профилактикалық іс шарасы барысында Ақсуат ауылының тұсында жергілікті тұрғынды тоқтатқан.

Тексеру барысында тұрғынның өзімен бірге ППО тіркеуде жоқ 16-калибрлі 1 ұңғылы аңшы мылтығын заңсыз алып жүргені анықталды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабының

1-бөлігімен (Ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды қару мен олардың патрондарын, сол сияқты электрлі қаруды, үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары, калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды заңсыз иеленіп алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау) әкімшілік хаттама рәсімделіп, сотқа жолданады.

АЛАЯҚ ҰСТАЛДЫ

6 шілде күні облыстық полиция департаментіне Арал ауданының 31 жастағы тұрғыны алаяқтық әрекеттің құрбаны болғандығы жөнінде арыз берген.

Жедел-ізвестіру барысында 26 жастағы қала тұрғыны ұсталды. Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабының 2-бөлігімен (Алаяқтық) сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Күдіктіге қатысты ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат түрінде бұлтартпау шарасы таңдалды. Полицейлер оқиғаның мән – жайын анықтауда.

«ҚАУПСІЗ ЖОЛ» АЙЛЫҒЫНДА ЕРЕЖЕ БҰЗУДЫҢ 9365 ДЕРЕГІ АНЫҚТАЛДЫ

Облыс көлемінде 19 шілде – 18 тамыз аралығында өтіп жатқан «Қауіпсіз жол» айлығы іс-шарасының алғашқы 27 күнінде 9365 құқық бұзушылық анықталды.

Тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысудың (ҚР ӘҚБтК-нің 463 бап) – 18, жалған мемлекеттік белгі тағып көлік басқарудың (590.46) – 13, медициналық қарап-тексеруден өтпеудің (ҚР ӘҚБтК-нің 590.8-б.) – 11, заңсыз қайта жабықтаудың /590.7-бөлігімен – 257, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген /590.9-бөлігімен/ – 779, ұялы телефонмен сөйлесудің /591.1-бөлігімен/ – 340, жүргізушінің көлік құралын мас күйінде басқарудың /608-бабы/ – 104, қауіпсіздік белдігін тақпаудың /593.1-бөлігімен/ – 1913, жаяу жүргіншіге жол бермеудің /600 бап/ – 208, құжатсыз автокөлік басқару /612.1-бөлігімен/ – 532, жаяу жүргіншілер жалағанын өтпеу /615 бап/ – 379, маневр жасау ережесін бұзу /595 бап/ – 316 дерегі анықталды.

Әзірлеген А.ОЛЖАБАЕВА,

мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3716 Танысары №1352 Нөмірдің кезекші редакторы Асман НҰРАЗЖАЛИ
---	--	--	---	--